



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№51 (855) Сәрсенбі 20 желтоқсан 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



БАӘ ЕЛШІСІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ-нің Қазақстандағы елшісі Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арикиді қабылдады.

Кездесуде бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластарды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы сауда-экономика саласы екіжақты байланыстардың басты бағыты саналатынын айтты. Бұл ретте екі елдің үкіметтеріне таяу келешекте сауда-саттық көлемін 1 миллиард долларға дейін жеткізу міндеті жүктелгенін еске салды.

Сонымен қатар Президент Стратегиялық инвестициялық жобалар туралы бірлескен мәлімдемеге сәйкес энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салаларындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайтудың маңыздылығына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Әмірліктердің Masdar компаниясымен жаңартылған энергия көздері саласындағы бірлескен жобаларды ілгерілету бойынша ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын, сондай-ақ AD Ports Group және Terminals Holding компанияларымен бірлесіп көлік-логистика желісі мен әуе тасымалы қызметтерін кеңейтуді көздейтін инвестициялық жобалардың жүзеге асырыла бастағанын атап өтті.

Әңгімелесу барысында ақпараттық технологияларды дамыту бағытындағы ықпалдастық мәселесіне айрықша мән берілді. Кездесу соңында Президент Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға зор еңбек сіңіргені үшін Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арикиді II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньинге көңіл айту жеделхатын жолдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайдың солтүстік-батысында болған жер сілкінісі салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньинге көңіл айтты. «Еліміздің Ганьсу провинциясында болған жойқын жер сілкінісі салдарынан көптеген отандастарымыздың қаза тапқаны туралы сұғат хабарды терең күйзеліспен қабылдадым. Осындай қиын сәтте Сізге және табиғи апатта жақындарынан айырылған отбасыларға көңіл айта отырып, Қытай халқының қайғы-қасіретіне қазақстандықтар ортақ екенін жеткіземін. Зигзак кезінде зардап шеккен жандар тез арада сауығып, із-түссіз жоғалған азаматтардың отбасыларына аман-есен оралуына тілектеспін» деп жазылған жеделхатта.

ШҰЖЫҚ ӨНІМДЕРІНЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Қазалы ауданының тұрғыны Жәнісқұл Қыстаубаева бүгінгі күнге дейін түрлі кәсіптен айналысып, барынша өзін сылады. Кәсіпкер келіншек қазір шұжық шығаруда. Оның өнімдері «Қазалы шұжығы» деген атаумен аудан тұрғындарына таныла бастады.

Аталған кәсіпті табыс көзіне айналдыруды мақсат тұтқан Ж.Қыстаубаева Астана қаласына арнайы барып, шұжық дайындау курсына оқыды. Өз қаражатына бастаған жобаның құны 3 млн теңгені құрайды. Цехта заманауи

жабдықталған құрылғылардың арқасында күніне 600 келі шұжық өндіріледі. Шикізатты қазалылық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен сатып алады. Жалпы мұнда шұжық өнімдерінің 10 түрі бар. Бүгінде сұраныс жоғары. Қазір кәсіпкер шұжықтарын кент ішіндегі азық-түлік дүкендеріне өткізіп отыр.

Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2500 теңге;

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

6 айға – 2850 теңге.

БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661; 8-7716933181.

80 ОТБАСЫ ҚОНЫСТОЙ ТОЙЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына жұмыс сапары кезінде кілтін табыстау рәсіміне қатысып, тұрғындарды құттықтады. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Егемен елімізді одан әрі дамыту – алдымызда тұрған басты міндет. Біз осы жолда аянбай еңбек етуіміз қажет. Сонда ғана Қазақстан қуатты мемлекетке айналады» деген болатын.

Баспананы қолжетімді ету – Мемлекет басшының тапсырмасымен Үкімет пен облыс әкімдігі тарапынан жүзеге асырылатын басты стратегиялық жоспарлардың бірі. Жыл сайын аймақта қолданысқа берілген тұрғын үй көлемі артып келеді. Биыл 4170 пәтерлік 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 2500-ге жуық пәтер өз нелеріне табысталып, 11 мыңнан астам жерлесіміз жайлы үйге қоныстанды. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 1000-нан астам пәтер сатып алынууда. Бұған дейін Арал, Қазалы, Жаңақорған, Шиелі, Жалағаш аудандарында 300-ден астам отбасы баспана қуанышына кенелді. Бүгін Сырдарияда 80 отбасы қоныс тойын тойлайды. Бұл – тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдаудың нақты



көрінісі, – деді аймақ басшысы.

Рәсімде Қызылорда қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев пен мәдениет саласының ардагері Сандыбай Сәдуақасов баспана кілтін алған тұрғындарды құттықтап, бата берді. Сондай-ақ үй құрылысын салуға атсалысқан жеке кәсіпкерлер және кенттің дамуына үлес қосқан азаматтар марапатталды.

Жаңадан салынған 40 үйдің әрқайсысында 2 пәтерден бар. Пәтерлердің жалпы алаңы 65 шаршы метр, құрылысы биыл мамыр айында басталған болатын.

Айта кетейік, биыл аймақ бюджеті өткен жылмен салыстырғанда 57 пайызға өсіп, 609 млрд теңгеге жетті. Сырдария ауданының бюджеті 11 млрд теңгеден асты. Бұл уақытты қаражат аудандағы кезек күттірмейтін түйткілерді шешуге, тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталды. Биыл республикалық және облыстық бюджеттен 38,5 млрд теңге бөлініп, 671 шақырым жол жөндеуден өтті. Осылайша облыстағы жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 87,5 пайызға жетті. Сырдария ауданындағы

72 шақырым жолды жөндеуге 3,4 млрд теңге бөлінді. Келесі жылы сапалы жолдардың үлесі 92 пайызға жетеді.

Биыл 12 ауылдық елді мекенге газ кіргізілсе, келер жылға қаралған 4 млрд теңгеге тағы 12 елді мекен «көгілдір отынмен» қамтылмақ. Оның ішінде 962 млн теңгеге Сырдария ауданының Сәкен Сейфуллин және Асқар Тоқмағамбетов ауылдық округтеріне газ тарту жұмыстары басталды.

«Ел тілегі» ақпарат

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ:

ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨСУІ ЖӘНЕ ИНФЛЯЦИЯНЫҢ БАЯУЛАУЫ

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сайлауалды бағдарламасында және Қазақстан халқына Жолдауларында белгіленген ауқымды реформаларды іске асыру жалғасын тапты. Жаңа заңнамалық нормалар күшіне енді, бірқатар ірі мемлекеттік бастамаларды, соның ішінде «Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобаларын іске асыру басталды.

Сонымен қатар Үкіметте дағдарысқа қарсы шаралар қолға алынды, бұл сыртқы күйзелістердің әсерін төмендетуге және алдағы кезеңге экономикалық дамудың негізін қалауға мүмкіндік берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет алдына ұлттық экономика көлемін 2 есеге арттырып, \$450 млрд-қа дейін жеткізу міндетін қойды. Ол үшін жыл сайынғы тұрақты экономикалық өсімді кем дегенде 6% деңгейде қамтамасыз ету үшін шаралар қабылданады. Атап айтқанда, стратегиялық мақсатқа қол жеткізуде өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды іске асыру маңызды рөл атқаратын болады.

Премьер-министр Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы даму қорытындылары туралы материалдар топтамасын жариялауды бастады. Негізгі экономикалық көрсеткіштер

- Ел экономикасы сыртқы жағдайларға сәтті бейімделіп, биыл орнықты өсу траекториясына шықты. Қаңтар-қараша айларының қорытындысына сәйкес экономиканың өсуі 4,9%-ды құраса, өткен жылдың сәйкес кезеңінде бұл көрсеткіш 2,7%-ды құраған. Жалпы республика бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ \$11,5 мыңнан \$13,3 мыңға дейін өсті.
- Жылдық мөндері инфляция қарашала 2022 жылғы желтоқсандағы 20,3%-дан 10,3%-ға дейін төмендеді. Бұған желде және орта мерзімді 90 қадамды қамтитын тиісті шаралар кешенін жүзеге асырудың нәтижесінде қол жеткізілді.
- 6 айдың қорытындысына сәйкес \$13,3 млрд тікелей шетелдік инвестиция тартылды. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Сондай-ақ орта мерзімді кезеңде экономикалық өсуді қолдауға кепілдік берді. Жыл қорытындысы бойынша ТШІ шамамен \$27 млрд деңгейіне жеткізу жоспарланған.
- Экономиканың барлық салаларында жалпы құны 967,7 млрд теңгені құрайтын 210 жаңа инвестициялық жоба іске қосылды. Ол 19,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Жалпы жыл қорытындысы бойынша 1,6 трлн теңгеге 291 жоба пайдалануға беріледі деп күтілуде.
- Машина жасау өндірісі 26,8% – рекордтық қарқынмен өсті. Бұл ретте автомобиль жасау және электр жабдықтарын өндіру салаларында көрсеткіштер одан да жоғары, сәйкесінше шамамен 41% және 32%-ті құрады.
- Биыл Қазақстан \$65 млрд-тың өнімін экспорттады, сонымен бірге өңделген тауарлардың экспорты \$21 млрд-қа жетті.
- IMD әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингінде Қазақстан өткен жылмен салыстырғанда 6 тармаққа көтеріліп, әлемнің

64 елінің ішінен 37-ші орынға ие болды. Рейтингі дайындау үдерісінде экономикалық қызмет, Үкіметтің тиімділігі, бизнес пен инфрақұрылымның тиімділігі сияқты бағыттар бойынша кешенді зерттеу жүргізіледі.

- Іскерлік ахуалды және бизнесті жүргізу жағдайларын жақсарту бойынша жаңа бастамалар жүзеге асырылды. Осылайша ірі инвесторлармен жеке шарттарда келісімдер жасауға мүмкіндік беретін инвестициялық келісімдер бойынша қосымша тегісіз енгізілді. Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасау кезінде салық заңнамасының тұрақтылығына 10 жылға кепілдік берілді.
- «Қарапайым заттар экономикасы» кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша шарттар жетілдірілді: өңдеу өнеркәсібінің қосымша түрлері енгізілді; субсидиялау мерзімі 7 жылға дейін ұзартылған экономиканың 20 негізгі секторының тізбесі анықталды; әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін қосымша қолдау шаралары енгізілді және т. б.
- 10 мың артық бизнес талаптары алынып тасталды. 2024 жылдың I қаңтарынан бастап тағы 1 мың талап алынып тасталды.
- Тәуекелдерді басқару жүйелерін автоматтандыру жұмыстары аяқталды. Бұл 2024 жылдан бастап кәсіпкерлікті тексеру санын 2 есеге қысқартуға мүмкіндік береді. Жүйені пайдалану кезінде адам факторы толығымен алынып тасталды.
- Кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету (субсидиялау және кепілдік беру) жыл сайын артып келеді. Атап айтқанда, бұл мақсаттарға «Бөйтерек» холдингі желісі арқылы 2,3 трлн теңге бөлінді. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау 209 млрд теңгеге 288 млрд теңгеге дейін ұлғайды.
- Жалпы, мемлекет қабылдаған шаралар ШОБ өнімін шығаруды 2022 жылдың 6 айында 23 трлн теңгеден осы жылдың сәйкес кезеңінде 29 трлн теңгеге дейін арттыруға мүмкіндік берді. ШОБ саласында жұмыспен қамтылған азаматтардың саны 500 мыңға өсіп, 4,3 млн адамды құрап отыр. Бұл ретте елдің ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 36,4%-ға жетті.
- Экономиканы монополиядан арылту жөніндегі комиссия жұмысы басталғаннан бері республикалық және коммуналдық меншікке 15 компания, 7 ғимарат, 160-тан астам теміржол мен құрылыстар және басқа да мүліктердің (2 мың бірліктен астам) акциялар пакеті мен қатысу үлестері қабылданды.
- Сонымен қатар «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына 1 млрд теңге көлемінде қаражат жіберілді. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына шамамен 2 млрд теңге бағытталды.
- Жаңадан жекеменшік операторлардың пайда болуына жол бермеудің алдын алу шарасы ретінде Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына әлеуметтік маңызды бар, оның ішінде стратегиялық маңызды 217 нысан алынып тасталды.



ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария, Жаңақорған аудандарының Құрметті азаматы Әнуарбек Қалтаевты және ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Әбдіғәппар Әміргалиевті 75 жас мерейтойымен құттықтады.

– Сыр өңірінде адал еңбек етіп, халықтың құрметіне бөленген жандар жетерлік. Парасат биігіндегі ардақты азаматтарымыздың арқасында арқашан бекем бірліктің, тату тірліктің үлгісін көрсетіп келеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Түркістан қаласындағы Ұлттық құрылтайда «Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Нағыз еңбек адамы бұл – істің адамы, яғни әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат. Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс» деген болатын.

Біз адал қызмет атқарып, саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, елдің қошеметіне бөленген өздеріңіздей азаматтарға лайықты құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырдық, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Іс-шара барысында мерейтой иелеріне Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды. Еңбек ардагерлерін Жаңақорған, Шиелі, Сырдария аудандары мен Қызылорда қаласының Құрметті азаматы Ибрагим Әбдібулаев, ауыл шаруашылығы саласы ардагерлері кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Ұлықпаұлы құттықтады.



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер! Сіздерді Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын. Биыл еліміздің өз тарихындағы ең маңызды белесті бағындырғанына, ата-баба арманының ақиқатқа айналғанына 32 жыл толды. Тәуелсіздіктің төртінші онжылдығының басы еліміз үшін түбегейлі жаңғыру кезеңі болды. Бірегей Конституциялық реформа жасалып, жалпыұлттық референдумда Сыр жұртшылығы өзгерістерге барынша қолдау білдірді. Президент, Сенат пен Мәжіліс, барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар, аудан, ауыл әкімдерінің сайлауында да саяси және сайлау мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Шын мәнінде, Тәуелсіздік – бәрінен қымбат. Тәуелсіздікті сақтау бұл – ең алдымен тұтас ұлттың жауапкершілігі. Біз егемендікті тынымсыз еңбекпен, мызғымас бірлікпен күн сайын қорғауымыз керек» деген сөзін Сыр өңірінің еңбектес халқы әрдайым назарда ұстап келеді. Қазан айында аймаққа жасаған сапары кезінде Мемлекет басшысы облыстың әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени даму қарқынын жоғары бағалады. Қастерлі Тәуелсіздігіміздің тұғырын биіктете түсу үшін адал еңбек пен жауапкершілікті жаңа қоғамдық этиканың өзге, әділдік, ашықтық және шынайы бәсекені басты қағидат етуіміз керектігін айтты. Тәуелсіздікті нығайту жолында тер төккен еңбек адамдарын құрметтеудің ерен үлгісін көрсетті. Президент аймақтарда әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын құруды басты міндет етіп жүктегені бері Сыр өңірінде ауқымды жобалар жүзеге асуда. Жаңа мектептер, іргелі білім ошақтары жанынан қосымша ғимараттар салынды. «Жайлы мектептердің» құрылысы басталды. Медициналық нысандар құрылысы қарқын алды. Рухани, мәдени, тарихи, отбасы құндылықтары дәріптелетін орталықтар қызметіне кірісті. Аймақты электр энергиясымен толыққанды қамтамасыз ететін жаңа жылу-электр орталығының іргетасы қаланды. «Қызылорда-Жезқазған» жолы қайта жаңғыртылуда. Сондай-ақ Мемлекет басшысы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысына дейінгі аралығын төрт жолақты етуге қатысты тарихи шешім қабылдады. Жоғарыда аталған бастамалар қастерлі Тәуелсіздігіміздің, Президент пен Үкіметтің Сыр өңірін ұдайы қолдауының арқасында қолға алынып, жүзеге асуда. Баға жетпес байлығымыз – Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтау бәріміздің қастерлі борышымыз болғандықтан, біз егемен Қазақстанды, шежірелі аймағымызды одан әрі дамыту жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Мемлекет басшысы ұсынған азаматтары тең мүмкіндіктерге ие әрі құқығы қорғалған Әділетті Қазақстанды құруға әрқайсымыз мүдделіміз. Елімізде асқақ армандар мен батыл жоспарларды іске асыру үшін білім алуға, біліктілікті жетілдіруге әрдайым жол ашық. Жастардың жаңашылдығы мен бастамашылдығына да ұдайы қолдау көрсетіліп келеді. Бүгінгі Тәуелсіздік мерекесінде әр отбасына тату-тәтті тірілік, береке-бірлік тілеймін. Еліміз аман өлдігіміз бүтін, Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай!

Ізгі ниетпен,
облыс әкімі Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ

10 МЫҢНАН АСТАМ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ФРАНЦУЗ ТІЛІН ОҚИДЫ

ҚР Білім министрлігі қазақ мектептерінде француз тілін үйренуге қатысты статистикалық мәліметтерді айтты.

– Қазіргі уақытта 8 мектепте 380 оқушы француз тілін бірінші шет тілі ретінде, 38 мектепте 9948 оқушы екінші шет тілі ретінде оқып жатыр, – делінген министрліктің редакцияның ресми сауалына берген жауабында.

Ведомство екінші шет тілін (неміс, француз) таңдау пәні ретінде оқыту қоғамдық-гуманитарлық мектептерде (гимназияларда) оқушылардың қажеттіліктерін, мұғалімдердің қолжетімділігін және ата-аналардың пікірлерін ескере отырып жүргізетінін айтты.

Естеріңізге сала кетейік, биылғы жылдың 1 қарашасында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде француз мектептерін ашу жоспарын жариялаған болатын. Ведомствоның бұған дейін хабарлағанындай, қазіргі уақытта ҚР Білім министрлігі халықаралық мектептерді ашу туралы келісімді жүзеге асыру бойынша жұмыс тобын құру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Келісімге сәйкес 2025 жылға дейін Астана мен Алматы қалаларында француз тілінде оқытатын мектеп ашу жоспары бар.

2024 ЖЫЛДЫҢ 1-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖӘНЕ ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

р/с	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Байланыс телефоны	Қабылдау күні мен уақыты
1	Күзембаев Ербол Кабаштайұлы	Департамент басшысы	23-38-09	әр аптаның сәрсенбісі, сағат 15.00-16.00-ге дейін
2	Умербаева Майрамқулы Ахатовна	Департамент басшысының орынбасары	23-37-35	әр аптаның жұмасы, сағат 16.00-17.00-ге дейін
3	Әбенев Талғат Оразбекұлы	Департамент басшысының орынбасары	20-22-20	әр аптаның беісенбісі, сағат 16.00-17.00-ге дейін

Мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Жалаңтөс Баһадүр көшесі, 2. Байланыс тел.: 8 (7242) 23-38-09. E-mail: fink.kyzyl@mail.gov.kz

ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ 1-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті	Бердібаев Ерлан Құлахметұлы	Бердібаев Ерлан Құлахметұлы - Департамент басшысы	Сәрсенбі Сағат 16-00 ден 18-00 дейін	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі 7А	8724-2-270301
	Омаров Серік Серікбайұлы	Омаров Серік Серікбайұлы - Департамент басшысының орынбасары	Сейсенбі Сағат 17-00 ден 18-00 дейін	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі 7А	8724-2-270301

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті 8724-2-270301 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

УАҚЫТЫЛЫ ВАКЦИНАЦИЯ ҚЫЗЫЛШАДАН ҚОРҒАЙДЫ

Қазіргі күндері елімізде қызылша ауруы белең алып тұрғаны белгілі. Вирустық инфекциялық ауру қандай жағдайда адамдар арасында көп таралуы мүмкін? Осыған байланысты Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Динара Жанабегенованың әңгімеге тартқан еді.

– Алдымен қызылша ауруының ерекшелігіне тоқтала кеткеніңіз артық болмас. Ол қандай жағдайда адамдарға жұғады? Одан қалай сақтануға болады?

– Қызылша – қызба, интоксикация, дақты-папулалы бөртпе, энантема, конъюнктивта және жоғарғы тыныс жолдарының зақымдалуымен сипатталады. Жедел вирустық инфекциялық ауру адамнан адамға ауа тамшысы арқылы жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде жұғады. Қызылшамен ауыратын адаммен қысқа уақыт қарым-қатынаста болған жағдайда екпе алмаған адамдардың қызылшаны жұқтыру қаупі өте жоғары.

Қызылша пневмония, бронхит, энцефалит сияқты асқынулармен қауіпті. Медициналық көмекке кеш жүтінгенде және қызылшамен қатар басқа аурулар болған жағдайда өлімге әкелуі мүмкін. Қатаралық құбылыстармен (қысқа, бас ауруы, әлсіздік) аурудың алғашқы белгісі және бөртпе пайда болған кезде дәрігермен кеңесіп, оның барлық ұсынымдарын орындау керек.

– Оны жұқтырып алудың алғашқы белгісі қандай?

– Қызылша ауруы бастапқы кезеңде суық тиіс сияқты көрінуі мүмкін. Сондықтан дәрігерге уақытлы барған жөн. Жіті респираторлық аурулардың белгісі бар балаларды мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепке жібермеуге кеңес береміз.

Қызылша ауруы бойынша эпидемиологиялық ахуалдың тек біздің елде емес, бүкіләлемде күрделеніп отыр. Себебі, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы оны халық арасында қызылша ауруына қарсы вакцинациялау бағытына әлсіреп,

екпеден бас тартушылар санының артуымен байланыстырады. Ұжымдық иммунитет бәсеңдеген сайын, ауру жұқтырып алу қаупі күшейе түседі. Қауіп тобында екпе алмаған, иммунитеті әлсіз адамдар көп.

– Дәрігерлер одан сақтану тиімді жолы ретінде уақытлы вакцинация алу қажет екендігін айтады. Бұл жөнінде пікіріңіз қандай?

– Қызылшадан ең тиімді қорғану жолы – уақытлы вакцинация. Ол Ұлттық екпелер күнтізбесіне енгізілген, екпе тегін жіргізіледі. Вакцинация үшін қызылшаға қарсы қауіпсіз, тиімді вакцина қызамық пен паротитке (КҚП) қарсы компонентпен қоса қолданылады. Адам өз өмірін сақтап қалаудан бас тартпауы керек. Екпенің көмегімен ауыр асқынулардың, мүгедектікке ұшыраудың, тіпті өлімнің алдын алуға болады.

Халықты толық вакциналау нәтижесінде «ұжымдық иммунитет» қалыптасады. Ауруды тасымалдау деңгейі төмендейді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша, имундау жыл сайын 2-3 миллионға дейін өлім жағдайының алдын алуға мүмкіндік береді. Соған қарамастан, кейбір тұрғындар жаппай профилактикалық шараларға көңіл бөліп, өздерін және балаларын вакцинациялау қажеттілігін күмәндануы қорқады. Қазақстанда, вакцинациямен қамтылудың үлкен көлеміне қарамастан, түрлі себептен вакцинацияға келмейтін халықтың бөлігі бар. Бұл инфекциялық аурулардың таралуына әкеліп соғуы мүмкін. Дене шынықтыру, спорт, дұрыс тамақтану және т.б. имунитетті көтеретін анық. Бірақ спецификалық инфекция

қоздырғышынан үнемі қорғай алмайды. Мысалы, қызылша ауруының қоздырғышымен кездескен кезде екпе салынбаған адамның 95%-ы сырқаттануы мүмкін.

Бала кезінде алған екпелер өмір бойына кейбір инфекцияларға қарсы иммунитеттің негізін қалыптастырады. Вакцинаны салған кезде иммунитет қалыптаса бастайды. Қорғаушы антиденелер пайда болады. Олар әртүрлі ауру қоздырғышына жеке қарсы тұрады. Кездескенде оларды жылдам әлсіздендіріп, аурудың дамуына жол бермейді.

Сондай-ақ, кейбір вакциналар

жеткіншіктерге қауіп төндіруі мүмкін. Көптеген тұрғындардың ақылмен шешіп білуді көптеген инфекциялық аурулардың таралуына жақсы тойғары береді.

– Қызылша ауруының Қызылорда облысында таралу жағдайы қандай? Оның алдын алу бағытында қандай жұмыстар жасалауда?

– Жыл басынан бері Қызылорда облысында лабораториялық зерттеу нәтижесімен нақтыланған қызылша ауруының 1182 жағдайы тіркелді. Оның ішінде 1035 жағдай 14 жасқа дейінгі балалар арасында анықталды. Қызылша індетіне шалдыққандардың



белгілі уақыттан кейін нығайтушы екпелерді қажет ететіні айта кету керек. Өйткені, уақыт өткен сайын иммунитет әлсірейді және қорғаныс қабілеті жеткіліксіз болады. Мысалы, дифтерия және сіреспеге қарсы екпелер 16 жастан бастап әрбір 10 жыл сайын жүргізіледі. Ол алпыс жасқа дейін қайталануы салынады. Әрбір адам вакцина сала емес өзгелерді де қорғайтынын түсінуі қажет.

Ата-аналар өз балаларына жауапты, бұдан бөлек басқа да жауапкершілікті ұмытпаулары қажет. Екпе салынбаған бала басқа

басым бөлігі ауруға қарсы екпе алмаған. Олардың саны жалпы сырқаттанушылықтың 80%-ын құрады.

Аурудан сақтанудың басты жолы ретінде тиісті контингенттер арасында қосымша жаппай имундау 6 қарашадан басталды. Нәтижесінде 20834 адам қызылшаға қарсы екпе алды. Оның ішінде 6-11 айлық балалар саны – 5306, 2-4 жас аралығындағы балалар үлесі – 14758, медициналық қызметкерлер көрсеткіші – 665 адамды құрады. Имундау шарасы әлі де жалғасып жатыр.

– Өткізіңізге рақмет.

ШАВКАТ РАХМОНОВ UFC-ДЕГІ АЛТЫНШЫ ЖЕҢІСІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Қазақстандық боксшы Шавкат Рахмонов (17-0) UFC турниріндегі алтыншы жеке-жегіп өткізді.

Ол Лас-Вегаста (АҚШ) 296-шы нөмірлі турнирде өнер көрсетті, онда ол америкалық файтер Стивен Томпсонмен (17-6-1) жеке-жеке ұш салмақтағы жеке-жеке ұш раундқа жоспарланғанымен, екінші раундта Рахмоновтың жеңісімен аяқталды.

Осылайша Шавкат Рахмонов кәсіпқой мансабындағы он сегізінші жеңісіне қол жеткізсе, Стивен Томпсон жетінші рет жеңіліске ұшырады.

Бұл Рахмоновтың 2023 жылғы екінші жеке-жегі болды: наурыздың басында ол америкалық Джефф Нилмен (15-5) жеке-жеке өткізіп, оны үшінші раундта тұншықтыру тәсілімен қапы қалдырған.

ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Байқоңырда Ресей азаматтығын алғанын жасырған ер адам жауапқа тартылды. Байқоңыр қалалық сотының мәліметінше, ер адам 2018 жылы Ресей Федерациясына тұрақты тұруға кетіп, 2020 жылы РФ-ның азаматтығын алған. Биыл Байқоңыр қаласына оралып, қузыретті органдарға азаматтығын ауыстыру туралы хабарламаған. Ол бұл әрекетін рәсімдеу қажет екенін білмегенін

түсіндіріп, өкінішін білдірді.

Сот қаулысымен азамат «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 496-бабы 2-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылды және оған 483 мың теңге әкімшілік айыппұл түрінде жаза қолданылды, – делінген сот хабарламасында.

ЖӘБІРЛЕНУШІМЕН ТАТУЛАСУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТЫЛДЫ

Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының ҚК-нің 345-бабының 1-бөлігімен айыпталған Қ-ның қылмыстық теріс қылық туралы ісі қаралды. Қылмыстық заңнамаға сәйкес, қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамқалау алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

Сотта анықталғандай, сотталушы Қ, автокөлігін басқарып келе жатып, «Жол жүрісі қағидаларының» 5.3 және 72-тармақтарының талаптарын бұзып, жол жиегінде жиналған қоқыстарды тазалап жүрген азаматша М-ға соғып, абайсызда жол-көлік оқиғасын жасап, жәбірленушінің денсаулығына ауырлығы

орташа зиян келтірген. Алайда, жәбірленуші М. келтірілген зиян өтелгендігін, қояр талаптілегі жоқ екенін, сондықтан сотталушымен татуласуына байланысты қылмыстық теріс қылық туралы істі тоқтатуды сұрап сотқа өтініш келтірген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 68-бабының 1-бөлігінде сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыраумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. Осының негізінде, сотталушы Қ, қылмыстық кодексінің 68-бабының 1-бөлігін талабына сай, жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылып, ісі өндірістен тоқтатылды.


Арал аудандық соты

КӨЛІК ІШІНДЕ 9 ӘЙЕЛДІ БОСАҢДЫРЫП АЛҒАН

Қызылорда облысында жүкті әйел қақпаған аязда жолда босанып қалған. Бұл туралы Секеуіл кенті әкімінің орынбасары Нұрбек Орынбасаров айтты.

13 желтоқсанда түнгі сағат 00:15 шамасында 30 градус аязда Арал ауданы, Секеуіл кентінің жедел жәрдем бөлімшесінің субардинаторы Кәмшат Оразалиева пен фельдшер Манас Орынбаев Ақселе елді мекенінің тұрғыны, босанатын күні жақындаған жүкті әйел Марина Нұржанованы Арал қаласындағы перзентханаға анарар жолда аман-есен босандырып алды.

Қазір ана мен сәбидің жағдайы қалыпты, Арал қаласындағы аудандық перзентханада дәрігерлердің бақылауында. «Сексуіл кентінің жедел жәрдем қызметкері Кәмшат Оразалиева осы уақытқа дейін тоғыз анық жолда автокөлік ішінде босандырып алған. Ерен еңбегімен қызметіне адал медицина қызметкері Кәмшатқа жергілікті тұрғындардың ықыласы ерекше», – делінген хабарламада.



2024 ЖЫЛҒЫ I ТОҚСАНДА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті	Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамаұлы	Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамаұлы басшы	Сәрсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	Қызылорда қаласы Д. Қонаев көшесі, 7А	8724-2-262362
	Есқараев Әділбек Тайжанұлы	Есқараев Әділбек Тайжанұлы басшының орынбасары	Сейсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-262140
	Мырза Қанат Әзімханұлы	Мырза Қанат Әзімханұлы басшының орынбасары	Дүйсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-274959
	Оспанов Тимур Ермеқұлы	Оспанов Тимур Ермеқұлы басшының орынбасары	Бейсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-262201

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысының Қазынашылық департаменті (8724) 26-17-84 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

Аудандық, қалалық қазынашылық басқармалар бойынша: Арал (8724-33)22384, Қазалы (8724-38)22101, Байқоңыр (8336-2)273818, Қармақшы (8724-37)2143, Сырдария (8724-36)21351, Жалағаш (8724-31)31831, Шнелі (8724-32)41067, Жанақорған (8724-35)22083.

Әкімшілік-құқықтық бөлімінің басшысы

Б.Демесінов

ҚОҒАМ

НЕКЕНІ БҰЗУ ІСІ БОЙЫНША ТАРАПТАР ТАТУЛАСТЫ

Байқоңыр қалалық сотында бір күнде некені бұзу туралы екі талап қою қарасуы қалдырылды. Талап қоюшылар жауапкерлермен араларында кәмілетке толмаған балалары бар болса да, жауапкерлермен мінездері сәйкес келмегендіктен, некені бұзу туралы талап қоюмен сотқа жүгінген. Алайда, тараптар сот отырысында өзара татуласуларына байланысты талап қоюшы талап қоюды қайтаруды сұраған. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің 279-бабының 8-тармақшасына сәйкес сот ұйғарымымен талап қоюды қарасуы қалдырылды. Сот ұйғарымдары заңды күшіне енген жоқ.

Байқоңыр қалалық соты

ҚАРЫЗ АҚША ӨНДІРУ ТУРАЛЫ ДАУ МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІНДЕ РЕТТЕЛДІ

Қазалы аудандық сотына талап қоюшы «А» микрорекоржылық ұйымы ЖШС жауапкер Б.-ға қатысты қарыз ақша өндіру туралы талап қою арызымен жүгінген. Азаматтық істі қарау барысында тараптар медиация туралы шарттарын сотқа ұсынып, дау бойынша медиация тәртібімен бітімгершілікке келгендерін көрсетіп, араларындағы келісімді бекітуді сұрады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процесілік Кодексінің 277-бабы 6-тармақшасына сәйкес, егер тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, дауды партиципация рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасаса және оны сот бекітсе, сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Сот ұйғарымымен қарыз сомасын өндіру туралы азаматтық іс бойынша дауды сот медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бекітілді. Сондықтан осы заң талабына сәйкес, сот азаматтық іс бойынша дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бекітіп, төленген мемлекеттік баж сомасы таласкерге қайтарылды.

Қара жолдың бойында неше түрлі оқиға орын алып жатады. Жылдамдықты шектен тыс асырып, масаң күйінде көлік жүргізіп, өзгенің өмірін қапияда қиылуына себепші болған жүргізушілер қаншама?

Зибаш ӘЛИ

ҚАСІРЕТІ АЗАЙМАЙ ТҰР ҚАРА ЖОЛДЫҢ

Сонымен қатар ашы суға сықпай тойып алып жол үстінде адам өмірін қиғандар қатары жылдан жылға артпаса кеміген жоқ. Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотына 2023 жылдың 10 айында ҚР ӨҚБТК-нің 608-бабымен, яғни жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік, ұйтқұмарлық масаң күйде басқаруы санатында барлығы 340 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралған. Оның ішінде ҚР ӨҚБТК-нің 608-бабының 1-бөлігімен 267 іске нүкте қойылған. Қаралған істер бойынша 345 адам әкімшілік қамалға алынса, 312 адам 7 жылға көлік басқару құқынан айырылған.

Адамдардың көлік құралдарына деген сұранысының артуы тенденциясымен қатар, оны пайдалану барысында қоғам өміріне қауіп тудыратын жағдайлардың да көбейгендігін байқауға болады. Соңғы жылдары өзектілігін жоғалтпаған өзеккерді мәселеге Президент Қ.Тоқасев ерекше көңіл бөліп, заң бұзушыларды қатаң жазалауды тапсырды.

«Елімізде жол-көлік оқиғаларының көп тіркелетіні алаңдатады. Адамдар қаза тауып, жарақаттанар жағдай. Жол апатынан зардап шеккендер саны басқа елдердегі қарулы қақтығыстардан қаза табатындардың санынан кем емес. Жол қозғалысы мәдениеті айтарлықтай төмендеп кетті, - деді.

Әлем бойынша жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде болатын өлім-жітім саны алдыңғы қатарда келеді. Ол әсіресе, ірі мегаполистер мен халық шоғырланған орталықтарда көп кездесетіні анық. Қызылорда

қалалық полиция басқармасының мәліметінше қада аумағында орын алған әрбір жол көлік оқиғаларына талдаулар жасалып, басым бағыттар белгіленіп, тиісті шаралар қабылданады.

Өткен 2022 жылдың дерегіне сүйенсек Қызылорда қаласында 205 жол оқиғасы орын алып салдырылған 25 адам көз жұмып, 218 адам түрлі дене жарақатын алған. Ал 2023 жылдың 11 айында қала көлемінде 247 жол-көлік оқиғасы орын алып, салдарынан 30 адам қайтыс болса, 268 адам әртүрлі дене жарақаттарын алған. Ыштырығы жылымен салыстырғанда ЖКО саны 20,5 пайызға, дене жарақатын алғандар саны 22,9 пайызға, қайтыс болғандар 20,0 пайызға артқан. Сондай-ақ, жол көлік оқиғаларының алдын алуды, болдырмауды ескерту мақсатында 14 мәрте желел-профилактикалық іс-шаралары өткізілген.

Жоғарыда айтылған қаралы сандарға ортақ 3 себеп бар. Соның бірі- жылдамдықты шегінен асыру. Орташа жылдамдықтың асырылуы ЖКО болу ықтималдылығы мен оның салдарының ауыртылуына да тікелей әсер етеді. Мәселен, орташа жылдамдықтың шамадан 1 пайызға асуы өлімге апарып соғатын оқиғалардың ықтималдылығын 4 пайызға, ауыр жол апаты болуын 3 пайызға ұлғайтады.

Ал екінші себеп алкогольдік ішімдіктер мен психоактивті заттарды пайдаланған күйде көлік жүргізу. Алкогольдік ішімдіктер мен психоактивті заттар, нашакорлық препараттарының әсерімен көлік жүргізілетін өлім мен ауыр жарақатқа әкелетін көлік оқиғасының ықтималдылығы әлдеқайда артады. Мас



күйінде көлік жүргізгенде қан құрамындағы алкогольдің көрсеткіші 0,04 г/дл немесе одан жоғары болса көлік апатының қаупі ұлғаяды.

Үшінші себеп ұялы қалта телефонына ойдын бөлінуі. Көлікті жүргізуге кедергі келтіретін, жүргізушінің назарын бұратын себептер өте көп. Дегенмен, телефон қолданысының кең тарауына байланысты жолдағы қауіпсіздік мәселесі де өзекті болып келеді. Көлік жүргізіп келе жатып ұялы телефон пайдаланатындардың апат қаупі төрт есе жоғары.

Мамандардың айтуы бойынша көлік тізгінде отырған азаматтардың телефонға қарауы жол сызықтарынан шығып кетуіне, жаяу жүргіншілерді байқамай қалуға тікелей әсер етеді. Телефонды арнайы құлақпен немесе дыбысын азайтқыш арқылы пайдалану қауіпсіз болғанымен, мәндік хаттар жазу, мультимедиялық материалдар көру көлік апатына апаратын соғуы әбден мүмкін.

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотына 2023 жылдың 10 айында ҚР ӨҚБТК-нің 608-бабының 3-бөлігімен, яғни аталған баптың бірінші бөлігінде өзге мүлкікті бұздыруға әкеп соққан әрекеттер санатында 21 іс қаралған. Құқық бұзушыларға 20 тәулік әкімшілік қамалға және 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру жазасы тағайындалған. Сонымен бірге, 608-бабының 6-бөлігімен, яғни осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, яғни көлік құралдарын басқару құқығы жоқ адамдар жасаған әрекеттер санатында 41 іс қаралып,

құқық бұзушыларға 20 тәулік әкімшілік қамалға алу жазасы тағайындалған.

Қызылорда қалалық полиция басқармасының берген деректеріне сүйенсек, жыл басынан бері мопед жүргізушілерінің қатысуымен тіркелген жол-көлік оқиғасының саны 7-ге жеткен екен. Көбіне жасөспірімдер жол ережесін мүлдем білмей жатып көлік тізгіндеді. Ең көпшілігі де осы болып тұр. Ата-аналар баласына қымбат сыйлық сыйлауға құштар болғанымен, оның салдары туралы ойлай бермейді. Жасөспірімдердің қауіпсіздігіне бас ауыртпайтыны басты әрі өзекті мәселеге айналды.

Үлкендер скутер, мопед тіпті велосипед те көлік құралдарына жататынын ұмытпағаны жөн. Кейде осы көлік құралдарының қатысуымен болған апаттардың салдары қайғылы жағдайға әкелетінін қаперден шығарып аламыз. Қысқасы, немқұрайдылықтың соны орны төменсіздігіне апарып жатыр. Мұндай мәселенің болмауына барлық тарап мүдделі болуға тиіс. Қандай да бір көлікті тізгіндеген адам жол қозғалысы ережесін толық білгені абзал. Сонда ғана қайғылы жағдайлардың алдын алатын мүмкіндік тұмақ.

Кәмілет жасына толмаған балаларға мотокөлік әперген ата-аналар мәселенің байыбына тереңнен үнілгені абзал. Тіпті бала 16 жасқа толғанға дейін оған мопед пен скутер сатып әперудің ешқандай қисыны жоқ. Ата-аналар ең бірінші кезекте жасөспірімнің қауіпсіздігіне назар аударуы қажет. Мәселені айту бізден, саралау сөздерден оқырман!



РЕСЕЙ АЗАМАТТЫҒЫН АЛУ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Ресей президенті Владимир Путиннің Беларусь, Қазақстан және Молдова азаматтарын Ресей азаматтығына қабылдау туралы жарлығы Ресей төлқұжатын алуды жеңілдетеді. Ресми ресейлік құқықтық ақпарат интeрнет-порталында жарияланған жарлыққа сәйкес, 18 жасқа толған Қазақстан азаматтары Ресей азаматтығын келесі талаптарды орындамай-ақ ала алады:

тұруға рұқсат берілген күннен бастап Ресей Федерациясында тұрақты тұру; Ресей тарихын және Ресей заңнамасының негіздерін білу.

Дегенмен, қазақстандықтар әлі де орыс тілін меңгергенін дәлелдеу керек болады. Ресей төлқұжатын алу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары тиісті өтінішті, тұруға рұқсатты, ұлттық төлқұжатты және орыс тілін білуді растайтын құжатты көрсетуі қажет.

Дәл осындай талаптар Молдова азаматтарына да қатысты болады. Беларусь азаматтары үшін орыс тілін білуді растау талабы қосымша алынып тасталды.

«Коммерсант» 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 13 876 қазақстандық Ресей азаматтығын алғанын хабарлайды. Жалпы қаңтардан қазанға дейін Ресей азаматтығын алған шетелдіктер саны 46%-ға азайған. 2023 жылдың басында Ресей Федерациясының Мемлекеттік Думасында қазақстандықтар үшін Ресей азаматтығын алуды жеңілдету мәселесі талқыланды.

ҚАЗА ТАПҚАНДАР САНЫ 200-ГЕ ЖАҚЫНДАДЫ

Қытайдың солтүстік-батысындағы Ганьсу және Цинхай провинцияларында болған жер сілкінісінен қаза тапқандар саны 200-ге жақындап қалды. Ганьсу провинциясында қаза тапқандар саны қазір 105 адамға жетті, ал Цинхай провинциясында 11 адам қайтыс болды. Бұған дейін Қытайдың жоғарыда аталған екі провинциясында 300-ден астам адам құрбан болғаны туралы хабарланған.

ҚХР төрағасы Си Цзиньпин адамдарды іздеуіне және құтқару, сондай-ақ Ганьсу провинциясындағы жер сілкінісін салдарын жою үшін барлық күш-жігерді жұмсауға шақырды.

ҚХР Мемлекеттік кеңесі зардап шеккен аймақтарға көмек көрсету жұмыстарын жүргізу үшін арнайы жұмыс тобын жіберді. Іздестіру-құтқару жұмыстары күрделі метеорологиялық және географиялық жағдайларға байланысты қиындап жатыр. Жер сілкінісі болған кезде түнде ауа температурасы -15 градусқа дейін төмендеген. Синоптиктердің болжамына, жер сілкінісі болған аймақта алдағы 10 күнде ауа температурасы күндіз 5 градусқа дейін көтеріліп, түнде -14 градусқа дейін төмендеуі ықтимал.

Магнитудасы 6,2-ге дейін жеткен жерасты дүмпулері Ганьсу провинциясының Цзишань-Баоань-Дунсян-Салар автономиялық округінде тіркелді. Ошағы 10 км тереңдікте болған.

60-ТАН АСТАМ МИГРАНТ СУҒА БАТЫП КЕТТІ

Ливия жағалауында кеме апатқа ұшырап, кем дегенде 61 адам қаза тапты. Халықаралық көші-қон ұйымының Ливиядағы бөлімшесі бұл туралы Х әлеуметтік желісінде жазған.

«Ливия жағалауындағы қайғылы кеме апатынан кейін 61 мигрант, соның ішінде әйелдер мен балалар қаза тапты», - делінген хабарламада.

Суға батып кеткен кеме жолаушыларының көбі Нигерия, Гамбия және Африка елдерінің азаматтары болған. Халықаралық көші-қон ұйымының өкілдері аман қалғандарға медициналық көмек көрсетіп, 25 адам Триполи маңындағы сауықтыру орталығына жіберілді.

ҚЫТАЙЛАР ЕРЕКШЕ КИМ ОЙЛАП ТАПТЫ

Қытайлық ғалымдар қоршаған орта температурасы құбылып тұрғанына қарамастан адамға қолайлы температурада болатын құр батырауларына негізделген киім жүйесін ойлап тапты.

Science журналының зерттеушілерінің жаңалығының жылуды реттейтін басқа киім үлгілерінен ерекшелігі, ол - күн сәулесінде қатталғаннан кейін бір тәулік ішінде температураны реттейтін құрылғының арқасында жылытуға да, суытуға да қабілетті.

Өнертапқыштардың сөзінше, күн элементтеріне негізделген киім қоршаған орта температурасы құбылған кезде адам ағзасының жайлылығы мен қауіпсіздігін арттыруға, тіпті «окстремал жағдайларда, мысалы ашық ғарыш пен басқа ғалымдарда аман қалу мүмкіндігін арттырады».

БОС ОРЫНДАРҒА ҮМІТКЕРЛЕР ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР ІІМ Қызылорда облысы «Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Төлебаев көшесі № 39, анықтама үшін 8 (7242) 27-80-86 факс, 8 (7242) 26-33-69, эл.мекен жайы usso.shtab-kzo@mvd.gov.kz

бос орындарға үміткерлерді қабылдауға хабарландыру жариялайды:

1. Саптық бөлінісінің полицейі (С-SV-12), (қатардағы және кіші басшы құрам).

Функционалдык міндеттері: Қылмыстық және өзге де қолқушылықтардан мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің қауіпсіз жұмыс істеуін күзет (режимдік) іс-шараларын жүзеге асыру жолымен қамтамасыз ету, бекет аймақтарында және патрульде бағыттарында полицияның кешенді күштері құрамында қоғамдық тәртіпті сақтауды және құқық бұзушылықтарға қарсы күресті қамтамасыз ету. Ішкі істер органдарының басқа бөлімшелерімен қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту, анықтау, жолын кесу бойынша өзара іс-қимыл жасасу.

Кандидаттарға қойылатын негізгі талаптар: білімі орта, бойы - 170 сантиметрден кем емес, жасы - отыз бес жастан жоғары емес, талапқа сәйкес білімі, желел әскери қызметінен немесе әскери-техникалық мектебінен өткен. Осы категория бойынша өтінім берген азаматтар, зейнетақы алуға жеткен жаста (қырық сегіз жас) Ішкі істер органдарындағы еңбек өтілі үздіксіз жиырма бес жыл болуы тиіс.

Қызылорда облысы МКҚБ ММ-нің кадр саясаты бөлімі

ОБЪЯВЛЕНИЕ НАБОР КАНДИДАТОВ НА ЗАНЯТИЕ ВАКАНТНЫХ ДОЛЖНОСТЕЙ

Государственное учреждение «Управление специализированной службы охраны» Кызылординской области Министерства внутренних дел Республики Казахстан, г. Кызылорда, ул. Тулебаева № 39, телефон для справок: 8 (7242) 27-80-86 факс: 8 (7242) 26-33-69, эл. адрес: usso.shtab-kzo@mvd.gov.kz объявляет набор кандидатов на занятие вакантных должностей:

№	Должность	категория	Должностной оклад	Должностной оклад + 30% экологическая надбавка
1	Полицейский	С-SV-12	106 713	138 727

1. Полицейский строевого подразделения (С-SV-12), (рядовой и младший начальствующий состав).

Функциональные обязанности: Обеспечение безопасного функционирования объектов, подлежащих государственной охране, от преступных и иных посягательств, путем осуществления охранных (режимных) мероприятий, обеспечения охраны общественного порядка и борьбы с правонарушениями в зонах постов и маршрутов патрулирования нарядов. Взаимодействие с другими подразделениями органов внутренних дел по предупреждению, выявлению, пресечению преступлений и административных правонарушений.

Основное требование к кандидатам: среднее образование. Рост-не ниже 170 сантиметров, Возраст – не старше тридцать пяти лет, имеющее соответствующее образование, прошедшие срочную военную службу или военно-техническую школу. Граждане, подавшие заявки на участие в конкурсе по данной категории, при наступлении пенсионного возраста (сорок восемь лет) должны иметь выслугу- двадцать пять лет службы в органах внутренних дел.

Отдел кадровой политики ГУ УССО Кызылординской области

ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫ КЕЗІНДЕ МӘМС МӘРТЕБЕСІ САҚТАЛМАСА

30 күннен асатын жыл сайынғы демалысқа шыққан азаматтардың басым бөлігі сақтандырылған мәртебесінен айрылғандарын айтады. Оған бірден-бір себеп – жарналар әр айға жеке-жеке түсу керек. Ал жұмыс берушінің бухгалтериясы төлемнің дұрыс жасалғанына сенімді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында жағдайды жан-жақты жіктеп, түсіндіріп берді.

2023 жылдың 1 маусымынан бастап қазақстандықтар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясындағы сұрақтармен 1414 қысқа нөміріне хабарласып, кеңес алады. Оның нәтижесінде қабылданбайтын қоныраулар саны 15 есе – 489,5 мыңнан 31,6 мыңға дейін қысқарды. Бұл ретте жауап берілген қоныраулардың үлесі 2,4 есе өсті: бұрын ол 37%-ды құраса, қазір 88,5%-ға жетіп отыр.

«1414-ке көшу кезінде қонырау шалушыларды толық қамтып, жауап күту уақытын 5 минуттан 18 секундқа дейін қысқарту міндеттері қойылды. Яғни көрсеткіш 16 есе жақсарды деуге болады», – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жеке және заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі департамент директоры Забира Оразалиева.

Спикердің айтуынша, адамдар көбіне мәртебесін тексеру үшін немесе оны алу жолдарын сұрауға хабарласады. Мысалы, жазда және қараша айында 30 күннен астам күнге еңбек демалысына шығатын мұғалімдер мен дәрігерлер мәртебелерін қалпына келтіру жолдарын сұрап көп жүгінген. Яғни, мекеме бухгалтері демалысқа кеткен айға ғана жарна төлеп, келесі айда бәрешек қалыптасқан.

Бұл жағдайда не істеу керек?

«МӘМС туралы» Заңға сәйкес, сақтандырылған мәртебесін алу үшін өткен немесе алдағы 12 айға төлем болуы керек. Ал мәртебесін сақтау үшін ай сайын үзбей жарна төлеп

аударымдар мен жарналарды қайтарып, жоғарыда көрсетілген алгоритмге сәйкес төлем жасай алады.

Төлемдерді қайтару тәртібімен Қор сайтына кіріп табысқа болады («МӘМС-ГИД» бөлімі, ары қарай «Пациенттер үшін» - «Қате немесе артық төленген аударымдар мен жарналарды қайтару қалай жүзеге асырылады?»).

Балама тәсіл

Бұдан бөлек, жұмыс беруші ұзақ еңбек демалысына шыққан қызметкер үшін ең төменгі жалақы мөлшерінің 2 есе жоғары мөлшерінде дербес төлеуші ретінде МӘМС жарналарын төлей алады (2023 жылы – айына 3500 теңге).

Жарналар 11 айға төленген болса

Қорда атап өткендей, 11 айдың жұмыс қорытындысы бойынша демалысқа шығатын адамдардан да өтініштер көптеп түседі. Яғни, олар үшін МӘМС жүйесіне 12 айға төлем жасалмағандықтан, сақтандырылған мәртебі болмайды. Жұмыс беруші ол үшін 12-ші төлемді жіберген кезде ғана мәртебе беріледі.

Кенес алу үшін

Естеріңізге сала кетейік, 1414 байланыс орталығы қонырауларды сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін қабылдайды, ал баламалы байланыс арналары арқылы өтініштерді тәулік бойы қабылдауға болады.

Қорда атап өткендей, операторлар мәртебені тексеру және жарналарды төлеу, емханаға тіркелу, медициналық көмек алу мәселелері бойынша көмектесе алады. Сондай-ақ, пациенттің құқығын түсіндіріп, МӘМС жүйесінде сақтандырылған азаматтың мүмкіндіктері туралы айтып береді. Егер жағдай егжей-тегжейлі зерттелді және медициналық ұйымның түсініктемесі алуға қажет етсе, онда өтініш екінші жолға беріледі. Қабылданған шешім өтініш берушіге хабарланады.

ӘДЕП ӨАКІЛІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН АУДАНДЫҚ СОТТАРДА СЕМИНАРЛАР ӨТТІ

Аудандық соттарда, яғни Сырдария, Шиели, Жаңақорған, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы, Арал аудандық және Байқоңыр қалалық соттарында Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі уәкіл М.Асанова «ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп нормалары, лудомания себептері мен салдары, мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқы ережелері» тақырыбында семинарлар өткізді. Аудандық соттарда өткізілген семинарларға аудандық соттардың сот әкімшілері мен барлық қызметкерлері қатысты.

Әдеп уәкілі М.Асанова, мемлекеттік қызметшілердің

әдеп нормаларын сақтауы, яғни олардың қызметте және тыс уақытта да қарапайым, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдеп нормаларын сақтап қана қоймай, мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін кез келген әрекеттен аулақ болып, қоғам тарапынан сынга себепкер болмауға міндетті екендігін тілге тиек етті.

Сонымен қатар, аудандық сот қызметкерлері арасында лудомания алдын алу туралы ақпараттымен бөлісті. Қазіргі жастар арасында қоғамның дерті болып отырған лудоманияның пайда болу себептеріне тоқталды, мұндай бейбөдеп қылықтардан, әсіресе



18.12-24.12.2023

Токты
(21 наурыз-20 сәуір)

Токты белгісіндегілер кейінге қалдырылған жобаларды алға жылжытуға бағыттағаны дұрыс. Қазіргі уақытта өз идеяларын жүзеге асыру өте маңызды болып отыр.

**Торпақ**
(21 сәуір-20 мамыр)

Торпақ белгісіндегілерді қызықты сапарлар күтеді. Жағымды тосынсыйларды уәде етеді. Кейбір достардан, серіктестерден көңілі қалу ықтималдығы жоғары.

**Егіздер**
(21 мамыр-21 маусым)

Жоспарланған достық кездесулерді басқа уақытқа ауыстырған дұрыс. Алпаңың басы мақсатыңды кәсіби өсу болса, жұмысқа толық шоғырлануды талап етеді.

**Шаян**
(22 маусым-22 шілде)

Сіздің жоспарларыңыздың көпшілігі жүзеге асуы керек, әсіресе олар жаңа білім алуға, кәсіби өсуге және қызығушылық аймағыңызды кеңейтуге байланысты болса.

**Арыстан**
(23 шілде-22 тамыз)

Осы аптадағы ең қиын сәт қаржылық мәселелер болмақ. Ештеңе алмаңыз немесе ешкімнен сұрамаңыз. Сондықтан үлкен шығындарды кейінге қалдыру керек.

**Бикеш**
(23 тамыз-22 қыркүйек)

Отбасылық қарым-қатынастар да жақсарды. Мереке алдында сіз одақты нығайтып, оны жаңа деңгейге көтертін романтикалық демалыс күндерін өткізе аласыз.

**Таразы**
(23 қыркүйек-22 қазан)


Осы аптада дауыл немесе апаттар күтілмейді. Қызметтік жауапкершілікті ұмытпау және серіктестерге тіпті кішкентай нәрселерде де қолдау көрсету маңызды.

**Сарышаян**
(23 қазан-21 қараша)


Апта басындағы көтеріңкі және романтикалық көңіл-күй ашу мен ренішті орын беруі мүмкін. Ақылы қонымды жұмыс жасап, кез келген нәрсеге шыдамды болыңыз.

**Мерген**
(22 қараша-21 желтоқсан)


Сіздің үйіңіз - сіздің жайлылық пен қауіпсіз баспана. Оны әрқашан қарсы алу үшін, не ексең, соны орасың. Сөздеріңіз бен әрекеттеріңізге назар аударыңыз.

**Тауешкі**
(22 желтоқсан-19 қаңтар)

Осы аптада сізді кездесулер мен сапарлар күтін тұр. Көптеген мәселелер сәтті шешіледі. Романтикалық кездесулерге де уақыт болады.

**Сукүйгін**
(20 қаңтар-18 ақпан)

Аптаның басы табысты болады деп уәде етеді. Егер сізде ақша жеткілікті болса, оны үй салуға немесе жөндеуге жұмсаған дұрыс. Барлығы ойдағыдай болады.

**Балықтар**
(19 ақпан-20 наурыз)

Жеке идеяларыңыз және оларды жүзеге асыру бірінші орынға шығады. Жобаларыңыз бастапқыда шындыққа жанаспайтын болып көрінсе де, оларды мұқият болыңыз.



МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНАН КЕЙБІР ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР МӨЛШЕРІ АРТТЫРЫЛАДЫ

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (әрі қарай-Қор) жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейін жүзеге асырады. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары жұмыс берушілердің жұмыскерлері үшін, сондай-ақ дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардың өздері үшін ең төменгі бір жалақыдан кем емес және жеті еселенген мөлшерінен аспайтын табыстың 3,5% мөлшерінде төленетін әлеуметтік аударымдары есебінен қалыптасады.

Әлеуметтік аударымдардың уақытты түсуі әлеуметтік төлемдердің 6 түрі: еңбекке қабілеттілігінен айырылуы, асыраушысынан айырылуы, жұмысынан айырылуы, жұктілікке және босануға, жаңа туған баланы асырап алуына байланысты, сондай-ақ бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына тағайындалатын әлеуметтік төлемдердің мөлшеріне тікелей әсер етеді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болудың артықшылықтарына орасақ, ең алдымен Қордың әлеуметтік-маңызы бар екі ұзақ мерзімді әлеуметтік

төлемдерін атап өткен жөн.

Мұндай төлемдер республикалық бюджеттен берілетін базалық жәрдемақыларға (мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы) қосымша жүзеге асырылады.

Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем медициналық-әлеуметтік сараптама жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін 30%-дан 100%-ға дейін белгілеген кезеңге тағайындалады, тағайындаудың максималды мерзімі - алушының зейнеткерлік жасқа

жетуі, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем - асыраушының асырауындағылардың 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу нысаны бойынша оқығанда 23 жасқа дейін тағайындалады.

Жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылармен бірге Қордың ұзақ мерзімді төлемдері де арттырылады. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына тағайындалатын әлеуметтік төлемдер 7%-ға арттырылады.

Қызылорда облысы бойынша 3090 алушыға еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайға және 2690 асыраушысынан айырылған жағдайға төлемдер мөлшері ұлғайтылады. Осылайша, жұмыс істейтін азаматтар алатын төлемдердің жиынтық мөлшері жұмыс істемейтін азаматтарға қарағанда көбірек болады.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне

байланысты ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері ұсталуға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қосымша есептей отырып, бала туу кезектілігіне қарай белгіленген бала күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақының мөлшерінен кем болмайды.

Осыған байланысты, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қызылорда облысы бойынша осы төлем 8 504 алушыға арттырылатын болады. Сонымен қатар, жоғарыда аталған әлеуметтік төлемдерді арттыру автоматтандырылған режимде жүргізілетінін, яғни алушыларға қосымша құжаттар жинаудың қажеті жоқ екенін атап өтеміз.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толығырақ ақпаратты Қордың [gfss.kz](https://www.gfss.kz) интернет-ресурсы арқылы, сондай-ақ Қор мен филиалдардың әлеуметтік желілері аккаунттарынан (Instagram: [gfss_kyzylorda](https://www.instagram.com/gfss_kyzylorda), Facebook: [AO «ГФСС» по Кызылординской области](https://www.facebook.com/gfss_kyzylorda)) алуға болады.

Қызылорда облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалы

2023 жылы Қызылорда облысы тұрғындарының нысаналы топтарына скринингтік зерттеулер жүргізуге 2,8 млрд теңге бөлінді. Профилактикалық тексерулердің арқасында қатерлі ауруларды ерте кезеңде анықтап, уақтылы емдеуді бастауға болады. Скринингтерді денсаулықтарына шағымдары жоқ және аталған аурулар бойынша есепте тұрмайтын азаматтар белгілі бір жаста өтеді. Қызылорда қаласындағы №3 емхананың онколог-дәрігері Айгүл Әділова біздің тілшімізге берген сұхбатында скринингтің кімге және қандай түрлерінен өту керектігін еске салды.

СКРИНИНГТЕР ҚАТЕРЛІ АУРУЛАРДЫ ЕРТЕ КЕЗЕҢДЕ АНЫҚТАЙДЫ

- Айгүл Бақытбекқызы, онкологиялық аурулардың пайда болуына қандай факторлар себеп болады?

-Кез келген патологияның пайда болуының басты себебі - иммундық жүйесінің жеткіліксіз жұмыс істеуі. Қатерлі ісік барлық тірі организмде бар. Біздің иммундық жүйеміз олармен күресетін болса, ісіктер пайда болмайды. Бірақ дене әлсіреген кезде және атипті жасушалармен күресуге күші аз болған кезде, олар өсе бастайды. Негізгі себептерге зиянды әдеттер жатады - темекі шегу, алкоголь, сирткіні қолдану. Біздің ішіп-жейтіміз үлкен әсер етеді. Ластанған ауа, күйзеліс, дұрыс тамақтанбау, жұмыс және демалыс кестесін бұзу да иммундық жүйеге әсер етеді.

-Ерлер мен әйелдер қатерлі ісік ауруын анықтау үшін қандай жүйелілікпен скринингтен өтуі керек?

-Тұрғындар бекітілген емханасында учаскелік мейірабкеңінің шақыруы бойынша скринингтен өтеді. Скринингтен өтуге қажетті жасқа жеткен кезде азаматтар емханаға өз бетінше де жүгіне алады. 30-39 жас аралығындағы әйелдер мінез-құлық қауіп факторларын ерте анықтау үшін скринингтен өтеді. Темекіні пайдалануға, дұрыс тамақтанбауға, дене белсенділігінің төмен болуына немесе алкогольді шамадан тыс тұтынуға байланысты пациентке салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану жөнінде ұсыныстар беріледі. Скрининг жүргізу кезінде пациенттің денсаулығы тексеріледі. Созылмалы аурулар немесе олардың даму қаупі анықталған жағдайда пациентті дәрігердің қадағалауына қояды, қажетті емдеу-диагностикалық іс-шаралар жүргізіледі.

40-тан 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, қант диабетін және глаукоманы ерте анықтауға арналған скринингтен өтеді. Қан қысымының, холестериннің, қан глюкозасының деңгейі және дене салмағының индексі анықталады. Скрининг осы аурулардың дамуын болдырмауға және қауіп тобындағы пациенттерді бақылауға жүргізіледі, қажет болған жағдайда - есепке алуға және емдеу мен дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 30-дан 70 жасқа дейінгі әйелдер жатыр мойны обырын ерте анықтауға тексеруден өтеді, оның ішінде ПАП-тест немесе терендетілген диагностика - (бейне) кольпоскопия, биопсия және гистология, бейінді мамандардың консуль-

тациясын алады. Әйелдер 40 жастан 70 жасқа дейін сүт безі обырын ерте анықтау үшін тексеруден өтеді - екі проекциядағы маммография. Қажет болған жағдайда терендетілген диагностика - нысаналы маммография, сүт бездерінің УДЗ-і, трепанобиопсия, пункциялық немесе аспирациялық биопсия, гистология, бейінді мамандардың консультациясы. 50-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер гемокульт-тест көмегімен колоректалды обырды ерте анықтауға тексеруден өтеді. Қажет болған жағдайда терендетілген диагностика - жаппай бейне колоноскопия, оның ішінде наркозбен, эндоскопиялық шертпелі биопсия, гистология, мамандардың консультациясы жүргізіледі.

-Оқиніше қарай, Қазақстанда сүт безі қатерлі ісігі өкпе және колоректалды обырдың оқ бойы озып тұр. Бұл аурудың алдын алу үшін қандай жұмыс атқарылууда?

-Онкологияның бұл түрі әйелдермен қатар, ерлерде де болады. Бірақ, әйелдерде ең көп кездесетін дерттің бірі. Әдетте, бұл дерт сүт безі түрінде киста немесе түйін түрінде пайда болады. Бұл жасушалар лимфа жүйесі немесе қан тамырлары арқылы қоршаған тілдер мен мүшелерге таралуы мүмкін. Ауруды асқынырып алған жағдайда емдеу қиына соғады. Маммография және самопальпация секілді медициналық тексерулер сүт безі обырын ерте анықтап, сәтті емдеу мүмкіндігін арттырады. 40 пен 70 жас аралығындағы сақтандырылған әйелдер тіркелген емханасында 2 жылда 1 рет сүт безі обырын ерте анықтау үшін скринингтік тексеруден өте алады. Оған келесі тексеру түрлері кіреді: сүт бездеріне ультрадыбыстық зерттеу, максатты маммография (1 проекция), маммография. Қажет болған жағдайда дәрігер қосымша тексеруге жолдама береді: пункциялық/ стереотактикалық бақылаудағы аспирациялық биопсия, трепанобиопсия, күрделілігі 3 санаттағы операциялық-биопсиялық материалдың 1 блок-препараттың гистологиялық зерттеу. Нәтижесі бойынша келесі дәрігерлерге жолдама беріледі: акушер-гинеколог, рентгенолог (рентгенограмманы 2-ші мәрте қарау), онколог немесе онколог-хирург, маммолог. Айта кетейін, жұмыс берушілер скринингтерді өту үшін қызметкерлерді жұмыс уақыты кезінде лауазымын және орташа жалақысын сақтай отырып, кедергісіз жіберуі керек («Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 87 бабына сәйкес).

-Сұхбатыңызға рақмет!

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ЕМХАНАДА ҚАЛАЙ ЕМДЕЛУГЕ БОЛАДЫ?

«Ақсауле-Мед» клиникасында пациенттерді аяғына тұрғызады. Мұнда кардиологиялық, неврологиялық, лор аурулары бар науқастарды медициналық оналтуға және емдеуге барлық жағдай жасалған. «Ақсауле-Мед» клиникасының бас дәрігері Біржан Мұқашев біздің тілшімізге берген сұхбатында медициналық орталықтың жұмысы мен менеджменті туралы айтып берді.

- Біржан Сейітжанұлы, медициналық орталық қашан және қандай мақсатта құрылды?

-Клиника өз жұмысын 2015 жылы бастады. Өңірде танымал отоларинголог Алматы Байнаев «Ақсауле - Мед» ЖШС және қала маңындағы Тасбөгет кентінде лор-кабинет ашады. Тәжірибелі маманның көмегіне тек қызылордалықтар ғана емес, басқа аймақтардың тұрғындары да жүгініді. Әрі қарай Алматы Айтұарұлы иглотерапевт, массажист мамандарын жұмысқа шақырады. Пациенттердің ауқымы кеңейді.

Содан кейін кәсіпкер Бақтияр Әбдірамановпен бірлесіп Саяхат шағын ауданында «Ақсауле - Мед» клиникасын құрады. 2020 жылдың 1 маусымында медициналық орталық ресми түрде ашылды, ал 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап - Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының медициналық қызмет көрсетушісі. Сөйкесінше, мұнда бүкіл Сыр елінен пациенттер жіберіледі. Пандемия кезінде науқастардың саны айтарлықтай өсті, - деп еске алады Біржан Сейітжанұлы. Қиындықтарға қарамастан, жаңа жас ұжым алға қойылған міндеттерді орындады.

-Медициналық орталық қандай қызметтерді ұсынады, кәсіби мамандар жеткілікті ме?

-Клиникада лор, неврологиялық, кардиологиялық ауруларды диагностикау және емдеу, сонымен қатар үшінші кезеңдегі медициналық оналту жүргізіледі. Мұнда инсульттан, түрлі жаракаттардан кейін науқастар оналту емі алады. Тәулік бойы жұмыс істейтін стационарда 60, күндізгі стационарда - 15 төсек-орын бар. Клиникада 38 адам жұмыс істейді, оның 8-і жергілікті дәрігерлер.

Кардиолог Айгүл Қасымжан, реабилитолог-невропатолог Фархат Байзақов, терапевт - реабилитолог Жансая Амангелді, невропатологтар Әсел Құлтаева және Айнур Бауыржанқызы, лор дәрігер Бекболат Құрақбаев сияқты мамандар. Клиниканың бас дәрігері Біржан Мұқашев балалар хирургі, әскери дәрігер болып жұмыс істейді. Апаттар медицинасы орталығының филиалын басқарды, Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы филиалы башшысының орынбасары. Қызылорда облысы бойынша «СК-Фармация» өкілдігінің башшысы болып қызмет атқарды. Сондай-ақ, медициналық орталықта

басқа аймақтардың мамандары кеңес береді және емдейді. Бұл елордалық балалар ортопеді, медицина ғылымдарының кандидаты Болат Досанов, Шымкент қаласынан проктолог Айдос Нұрымбетов лазермен оталарды жасайды.

-Біржан Сейітжанұлы, емделген жағдайлардың мысалдарын келтіріңіз

Клиниканың басты бағыты - медициналық оналту. Қалпына келтіру емің жүргізгенде кинезиотерапия әдісі, проприоцептивтік жүйке-бұлшықеттік жеңілдету (PNF) қолданылады. Бұл созылу рефлекстерін тежеу арқылы бұлшықет релаксациясына ықпал етеді. Инсулт немесе ауыр жаракат алған науқастарды отыруға, тұруға, жүруге үйретеміз, дейді бас дәрігер. Ол үшін түрлі оналту аппараттары қарастырылған.

«Эжарта» кинезиотерапиялық қондырғы жұмыс істемейтін бұлшықеттерді анықтауға және белсендіруге мүмкіндік береді. «Артромот» тренажерлері тізе, жамбас буындарының қызметін ауыртыпалқызып қалпына келтіруге көмектеседі. Вертикализатор жүру дағдыларын қалпына келтіруге бағытталған. Сондай-ақ, логопед, психолог пациенттермен жұмыс істейді. Нәтиже айқын. Инсульттан кейін 54 жастағы Кеңес Рамазанов клиникаға жатқан күйінде түсті. Оналту емінен өтіп, 15 күннің ішінде пациент аяғына тұрғызылды, дейді бас дәрігер. Мұндай нәтижелер көп.

-Медициналық қызметтер қол жетімді ме?

-Тәулік бойы стационарда 10 күндік емдеу курсының орташа құны шамамен 200-300 мың теңгені құрайды, 15 күндік оналту - жарты миллионға жуық.

-Сақтандырылған пациенттерге медициналық қызметтер тегін көрсетіледі. 2023 жылы «Ақсауле - Мед» клиникасында пациенттерін емдеуге Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 185 млн. теңге бөлінді. 2023 жылдың басынан бері мыңға жуық емделген жағдайлар бар. Клиникада емделу үшін барлық сынақтар мен жергілікті дәрігердің негізделген жолдамасы қажет. Медициналық рәсімдер ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен емдеу хаттамаларына сәйкес тағайындалады.

-Сұхбатыңызға рақмет!

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақысбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сана менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 - ғр, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсын көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №293

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)